



АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - СӘЯСИ ЖУРНАЛ

Электронды адрес: akikat1921@mail.ru



● «Баспасөз» – 2009

Ел зияллыларының бас журналы – «Ақиқатка» 2009 жылға жазылу жалғасуда. Басылымға «Қазпоштаның» жергілікті бөлімшелері, сондай-ақ, «Евразия-пресс», «Эврика-пресс» агенттіктері арқылы жазылуға болады. Журнал беттерінде жүздескенше, жанашыр қауым!

Редакция алқасы.



Талдыбек НҮРПЕЙІСОВ, доцент,
Аскар СЛӘМОВ,
доцент



АЛАШ ТАРИХЫНЫҢ

Уақыт інеткен жуійрік дәсөнжішші! Истеген еселі еңбеті менің істері, артында қалған мұралары жалғызының, есіндіде мәңгілі сақталатын жеріндегі ғалым Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылыми академиясының Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының кеңестік дәүірдегі тарихы бөлімін ұзақ жылдар бойына басқарған Мемлекеттік сыйықтың, иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, 2001 жылғы ғылыми саласындағы «Алтын ада» атағының, иегері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылыми академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жөнәс Нұртейісұлы Нұртейістің, дүниеден отпекеніне жылтқа жуық, уақыт тақдамы.

Ғалымның өткен өмір жолы тарқытансызданай түзу болынған. 1935 жылы 15 наурызда Алматы облысы, Райымбек (Көтөн) ауданының Саты ауылында дүниеге келген от шешеден ерте айрылым, өзі

БІЛГІРІ



Аскар СЛӘМОВ – тарих ғылымдарының кандидаты, Семей мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және иемдедер тарихы жағнедрасының доценті. Бынанча жиругендар зерттеулерде да 60-таң ақтасын макулалардың жарық жаралған.



Талдыбек НҮРПЕЙІСОВ – 1985 жылы Қазақ мемлекеттік үншігерситеттің тарих факультетін бітірген. Қазір ҚазҰШУ – дың тарих факультеттің деканы. «XIX ғасырдың екінші жарытасы – XX ғасырдың басындағы қазақ, ауданы аттити монографиясы», «В.В.Бартоломъ – аса қарнегелік шығынстанушы» аттити ғылыми-әмбебаптың, очеркшің, 40-таң ақтасын атапынды, анықтоши-түбитешистикадың, макулалардың авторы.

«халық жауының» баласы деген қасірет таңбасын тағынып, балалар үйінде жүргенде, қаршадайынан білімге құштар қайсар үл Алматыға келіп, №18 мектептеге окуын жалғастырған. Бұл сұрапыл соғыстың аяқталғанына небәрі бір жылға ғана уақыт болған кез болатын. Орта мектепті 1952 жылы үздік бітіріп, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетіне түсken ол оны қызыл дипломмен тамамдады. Бір жылдан үниверситеттің өзі бітірген бөлімінде оқытушылық қызметті атқарады.

Ғалымның одан кейінгі беталысы Ш. Уалиханов атындағы тарих институты еді. 1958 жылы Тарих, археология және этнография институтына қызметке шақырылғаннан кейінгі бүкіл қызметі мен еңбек жолы осында өтеді. Онда кіші ғылыми қызметкерден белгілі ғалымға, Ұлттық ғылым академиясының академигі дәрежесіне дейін көтеріледі. Ғалым еңбегін 20-ғасырдағы тарих ғылымының даму жолынан бөліп қарастыру мүмкін емес. Кеңес Нұрпейісұлы 1963 жылы кандидаттық, 1973 жылы докторлық диссертациялар қорғайды.

Өзінің осындағы жарты ғасыр бойына үзілліс қызмет ету барысында өмір жолына жөнжоба, үлгі-өнеге көрсетіп, бағыт-бағдар берген академиктер Ә. Марғұланмен, Т. Бәйшевпен, С. Покровскиймен, Р. Сүлейменовпен, М. Қозыбайевпен, М. Асылбековпен, мүше корреспонденттер Б. Сүлеймановпен, Г. Даҳшлейгермен, ғылым докторлары Т. Елеуовпен, Т. Балақаевпен, А. Елагинмен, П. Беланмен, М. Қойғелдиевпен, Қ. Зардыханмен, Қ. Алдажұмановтармен қатарлас, қызметтес болуы оның парасатты тарихшы болуына улкен әсер етті.

Көрнекті ғалымның бүкіл ғұмыры өз ұлттының тарихын түгендеуге, бүтіндеуге арналды және қазақ тарихын одан әрі түгендей түсетін, ұлт тарихының жыртырына жамау, тесігіне тығын бола алатын алымды, білімді, байыпты шәкірт-ғалымдар тәрбиелеуге арналды. Мұндай ғұмырды, сөз жоқ гибратты ғұмыр десек керек.

Есімі елімізге ғана емес, шетелдерге де танымал ғалымның зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдары ауқымды: Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917-1918 жылдарындағы азаматтық қарсы тұрудың өзекті мәселелері, Кеңес дәүіріндегі шаруалардың тарихы, Қазақстандағы қазан төңкерісінің шежіресі, Қазақстан мен Орта Азиядағы азамат соғысы, Сталиндік әкімшіл-әміршілік жүйе, саяси күғыш-сүргін, XX ғасырдың басындағы қоғамдық саяси өмір, XX ғасыр тарихының «ақтаңдақтары»

мәселелері, қазіргі замандағы Қазақстан тарихындағы ұлттық-мемлекеттік құрылым тарихы, Алаш және Алашорда тарихы т.б. Жетису өнірінің арғы-бергі тарихына да жете мән беріп, осы өнірден шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметін қалың жүртшылықта, жас үрпаққа таныстырып келе жатуы ғалымның көргені көп көңілге түйгени мол екендігін көрсетеді.

Тарихымыздың түрлі тақырыптарына 20-дан астам монографиялық еңбектер мен кітаптар жазған, 470-астам ғылыми және ғылыми көпшілік мақалалардың авторы, елінің тарих ғылымының дамуына баға жетпес үлес қосқан К.Н. Нұрпейісұлы бүкіл қазақтың мақтандыши.

Тарих қойнауына енген ХХ ғасыр соңы қазақ халқына Қазақстанды мекендейген басқа халықтар екілдеріне де ұлы иғілік сыйлады. Ол 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы еді. Ендігі тұста бұған дейінгі кезде бодандық пен таптық жүйе салқыны тиген, бұрмаланған тарихымыздың кейір тұстарын қалпына келтіруде тарихшылар қауымы тың ізденістер жасай бастады. Тарихтың жаманы жоқ. Жақсысы үлгі алу үшін қажет болса, жаманы – сабак алу үшін керек. Ақиқатына келсек, кезінде кеңестік кезеңде шыққан тарихи зерттеулердің бүгінгі келіспейтін жерлерінің көп екендігі де белгілі. Өйтсе де, әткеніміздің бәрін жоққа шығаруға, оқиғалар мен саяси құбылыстарды нақты өлеуметтік-экономикалық жағдайлардан бөліп қаруаға болмайтыны да түсінкті. Таптық идеология және СОКП үстемдігі жағдайында тарихшылар өздері көріп, құжаттарын оқып білген талай шындықты айта алмады.

Көңілдің түкпіріне жиналған көп құжат пен деректер сәтін күтіп жататын Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып, өз билігі өзіне тиген шақта, әткенімізді саралап, келешекті болжауға, бұрынғы тұмша күйден арылар шақтың кезі де келді. Кеңес Нұрпейісұлын көптен толғандырып жүрген мәселелердің бірі Алаш пен Алашорда тарихы еді. Кейінгі жыларда тарихшы түрлі деңгейлердегі басқосуларда «Алаштың ақиқаты» туралы өз пікірін білдірумен болды. Кезінде партия тарихы институтында еліміздің беделді де белді ғалымдары қатысқан пікірталаста тұмылдырық кигізіп, тұмшалап келген ақиқаттың беті ашылды. Сол кезден бастап Алаш тарихына шындалап білек түре кірісуге



Кеңес Нұртейсұлының пікірінше, жапты, «Алаш» қозғалысы XIX ғасыр мен XX ғасырдың поғысында қатыптасткан қазақтың үлттық демократиялық интеллигенциясы күрған үлт-азаттық қозғалысының көрінісі. «Алаш қозғалысы» дегендегі үлттік штурлік құрамдағы белгілің тұрады. Олар – «Алаш» атты партия, «Алаш автономиясы» атты қазақ мемлекеттілігі, сол автономияны басқаралын Алашорда үкіметі. Алаш қозғалысының жетекшілері Алаш үкіметтің үлттық максатыннан дегерледі жауап берегін меселеітерді атдарына койып, олардың ишінде

тырысты. Олар, біріншіден, қазақтың патшалық, Ресейдің отары болған кезеңде бөлшектеніп кеткен этникалық, территориясының (халықтың атақонсызының) тұгастығын қалпына келтіру, екіншіден, үлттых, бірлікке негізделген қазақ мемлекеттілігін қалтына келтіру, үшіншіден реформа, эволюция жолымен Қазақстанды еркениеттілдер катарына қосу болды.

Таптық принциптерді емес, тұтастық идеяларын, тендерес жолын емес, реформа жолын таңдалған Алашорда үкіметі кеңес үкіметі мен большевиктер идеяларын қабылдамады. Сондыктан да, азамат соғысында женіске жеткен кеңес үкіметі Алашорда үкіметін тарих саянасынан күштеп тайтырды, Алаш автоно-миясын таратты.

Кеңес Нұрлайсылы Алаш тарихына байланысты көптеген мақалалар жазып, Алматыда, Жезқазғанды АҚШ-та, Анкарада (Түркия) еткен тылымнан теориялық конференцияларда, конгресстерде баяндамалар жасады. Авторлар тобымен брлесіп жазған «Халел Досмұхамедұлы және оның емірі мен шығармашылығы» ұжымдық енбекінде де Алашорданың Батыс белгілінің қызметі кеңнен сез болды. «Алаш тұралы сез» атты ғылыми фильмге ғылыми кеңешші болған ал емірің, соңғы жылдарына дейн Алматы жоғары оқу орындарының тарих факультетінің студенттеріне «Алаш және Алашорда» проблемалары бойынша арнайы курстар оқыды. Тағы да «Алаш қозғалысы» деп аталатын көп томдық құқыттар жинағын даярлау ісіне зор үлес қости. Кеңес Нұрлайсылы бастап берген Алаштануға байланысты атқарылар істердің көпшілігі алда Алаш ісіне белсендегі арапасқан көптеген азаматтардың, есіреле, жергілікті деңгейдері есімдері де белгіз. Олар алде қайраткерлердің, тасасында қалып, зерттеу нысанасына іліней жатыр. Еткен жылы Алматы қаласында, күні кеше Батыс Алашорда орталығы Жымпітіңда еткен тылымы жиында белгілі алаштанушы Мембет Құлжабайұлы атат көрсеткендегі, ендігі жерде Алаш кесемдерімен бірге, оның жергілікті жерлердегі (Семейдегі, Батыс әңірдегі) мүшелері және олардың түрлі бағыттары атқарған жұмыстарына толыққанды зерттеу, енбектерін жасатының жүргіштілік үсіну тақиғашылар қауымының басты падызы болмак.

Елміздегі XX ғасырда орын алған саяси күштің тарихын зерттеушілерге, толалик-тарлық, саяси мемлекеттік жүйенін құрбаны болған жаудеген Алаштың илгіжаксыларының, есімін қайташуада да Қанес Нұлдепісұлының



атқарған еңбектері ерекше. Осы орайда айтпағымыз, шындықты бүрмаламай, ақиқатты бүкпей айтудағы ғалымның табандылығы кімкімге де үлгі боларлық жайт.

Алашорда тарихының, түптеп келгенде, ХХ ғасырдағы Қазақстан, қазақ интеллигенциясының тарихын зерттеуге ұштасқандығы өмір шындығы. Халқымыздың саяси тағдырында елеулі орны болған Алаш тарихымен ғана шектелмей, ұлт зияльларының өмірлері мен қылыша тағдырларын зерттеуге тарихшының шындалған қоюы да сондықтан. Оны А. Байтұрсынов, Х. Досмұхamedов, М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, Е. Бекмаханов, Ә. Ермеков т.б. аристарымыздың өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған зерттеулерінен көруімізге болады. Әкімшіл-әміршіл жүйе асырған саясат халықта аса зор қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдық әттікесінде миллиондаған адамдардың қырылуы, өзінің ата мекенінен басқа елдерге ауа кешу; дастүрлі шаруашылық жүргізудің үрдісінен айрылу, сенім-чынның мүшкіл халге ұшырауы зерттеу жұмыстарының барысында айқын көрініс тапты. Жоғарыда есімдері аталған қазақ зияльларының, оқығандарының барлығы «социалистік қоғамға жат элемменттер» ретінде 20-30 жылдарда мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған саяси күғын-сүргіннің құрбандары болды. Кеңес Нұрпейісулы қазақтан шыққан тарих ғылыминың докторы, қайсар талант иесі Ермұқан Бекмахановтың шекірті. Е. Бекмахановтың 1947 жылы жарық көрген «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты монография-

Тәуелсіз Қазақстандағы тарихи санағат сезімді қалыптастыру тұжырымдамасы авторларының бірі ретінде, ғалым отандық тарихтың бірқатар іргелі және қолданбалы мәселелерін зерттеуді іске асыруға қатысты, салмақты ойткырымдар қосты. Еліміздің көрнекіті ғалымдарымен бірге, жоғары оқу орындарына, орта мектептерге арналған оқулыктар жазуға қатысты.

Тарихшы-ғалым 1998 жылдан бастап, Швецияда шығып тұрған «Орталық Азия және Кавказ» қоғамдық-саяси журналы редакциясының алқа мүшесі, «Тұған-өлке – Родной край» журналының, бас редакторы, «Отан тарихы», «Қазақ тарихы» журналдарының акылдастар кеңесінің мүшесі болды, өзінің әнциклопедиялық, билімімен, үлкенде сыйлаумен, бауырмалдығымен ерекше көзге түсті.

Біраз жылдар бойына Кеңес Нұрпейісулы «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы басқармасының тегағасы болды. Ұзак жылдар бойына әл-Фараби атындағы Қазақ, ҰМУ-де, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында даріс беріп, тарих ғылымының жоғары мағанданған бірнеше буынын даярлауға елеулі үлес қосты.

Ғалымның тікелей жетекшілігімен 10 ғылым докторы, 40-астам ғылым кандидаттары даярланды, өзінің тұтас бір мектебін қалыптастыруды, бүл күндері сол шекірттері еліміздің түкіптерукірінде жемісті еңбек етуде.

Тарихшы ұзак жылдардағы ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесінде, көлемді мұрақалыларды, ел алдында сіңірген еңбегі жоғары бағасын алып, «Парасат» орденімен, медальдармен марарапатталды.

Өмірінің соңғы күндерінде дейін еңбек етіп